

**«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы**



«Бекітілді»
Ғылыми Кеңес шешімімен
Хаттама № 5
25 желтоқсан 2025 ж.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Алматы 2025 г.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: _____ 2024 г.	Шығарылым: 1
	Ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары		7 беттен 2

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. УНИВЕРСИТЕТТЕ ОҚУҒА АУЫСУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ.....	3
3. УНИВЕРСИТЕТ ІШІНДЕГІ АУЫСУ.....	7
4. УНИВЕРСИТЕТТЕН БАСҚА ЖЖОКБҰ-ҒА АУЫСТЫРУ.....	7
5. БОС БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫНА АУЫСТЫРУ	

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: _____ 2024 г.	Шығарылым: 1
	Ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары		7 беттен 3

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ауыстыру және қайта қабылдау ережесі білім алушыларды ауыстыру және оқуға қайта қабылдау тәртібін айқындайды және келесі құжаттарға сәйкес дайындалған:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" №595 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы «31» қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары»;
- Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабының 26) тармақшасы;
- Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығы.

1.2. Осы ережеде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Академиялық мерзім (Academic Term) – теориялық оқу кезеңі;

Академиялық қарыз (Academic Backlog) – студенттің оқу тарихындағы оқытылмаған курстардың немесе оқу жоспарында анықталған қорытынды баға бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған курстардың болуы;

Академиялық айырмашылық – білім алушының басқа жоғары оқу орнына немесе басқа білім беру бағдарламасына ауысқан кезде, сондай-ақ оқудан шығарылғаннан кейін қайта қалпына келтіру кезінде оның білім деңгейі жаңа білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келуі үшін қосымша оқуға және тапсыруға тиіс пәндер мен емтихандардың тізбесі;

Академиялық топ – білім беру бағдарламасын бірлесіп оқу және меңгеру үшін бір бағдарламаның (немесе саланың/бейін) студенттерін біріктіретін университеттегі негізгі оқу бірлігі;

Білім беру бағдарламаларының тобы – Әрбір ББТ ҰБТ-ның өз бейіндік пәндеріне сәйкес келеді оқыту аймағының жалпы бейіні бойынша біріктірілген және білім берудің белгілі бір саласы шеңберінде кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламаларының жиынтығы;

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) - жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі оқу орындарына түсу үшін іріктеу емтиханының нысаны болып табылады.

ECTS (European Credit Transfer and Accumulation System –Еуропалық кредитті аудару және жинақтау жүйесі) - оқу, білім беру және бағалау үдерістерінің ашықтық қағидатына негізделген студентке бағытталған кредитті жинақтау және аудару жүйесі. ECTS кредиттері анықталған оқу нәтижелері негізіндегі және оларға байланысты оқу жүктемесіне байланысты оқу көлемін білдіреді.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: _____ 2024 г.	Шығарылым: 1
	Ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары		7 беттен 4

Жеке оқу жоспары (ЖЖЖ) – білім алушының білім беру бағдарламасы негізінде академиялық кезеңге дербес қалыптастырған білім алушының жеке оқу траекториясын көрсететін құжат және өзі тіркелген оқу пәндерінің тізбесін, сондай-ақ кредиттердің тиісті көлемін қамтитын пәндер каталогы;

Кредиттік бірлік жүйесі (Credit Unit System) – кредиттер және жинақталған оқыту жүйесі түріндегі білім көлемін есепке алу шеңберінде білім беру траекториясының таңдаулылығын, дараландыру негізінде өздігінен білім алу және білімді шығармашылықпен игеру деңгейін арттыратын білім беру технологиясы;

Жазғы семестр – студенттердің қосымша оқуға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарды жою үшін ұйымдастырылатын оқу жылынан тыс академиялық кезең;

Нострификация (білім туралы құжаттарды тану) – шетелдік білім беру ұйымдары, оның ішінде олардың филиалдары берген білім туралы құжаттарды ресми растау;

Білім беру бағдарламасы (БП) – белгілі бір дәрежені беру үшін қажетті модульдердің немесе курстардың бекітілген жиынтығы;

Білім беру гранты – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда бакалавр, магистратура немесе PhD докторантурасын бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім алушыға берілетін ақшалай қаражаттың нысаналы сомасы;

Кредитті есептеу – басқа оқу орнында немесе басқа оқу жоспары бойынша оқытылатын пән мазмұнының баламалылығын тану рәсімі;

Орташа балл үлгерімі (Grade Point Average - GPA) – бұл таңдалған бағдарлама бойынша бір оқу жылы үшін кредиттер мен кредиттер өнімінің қосындысының қатынасы ретінде анықталатын студенттің оқу жетістіктерінің орташа алынған бағасы;

ҰБТ сертификаты – ҰБТ баллдарын ресми растайтын өтініш берушінің бірегей деректері бар құжат;

Транскрипт (Academic Transcript) – алфавиттік және сандық белгілермен кредиттер мен бағалар көрсетілген тиісті оқу кезеңінде орындалған пәндер тізімі бар құжат;

Таңдау пәндері (electives) – білім алушылардың білім беру қызығушылықтарына сәйкес бекітілген тізімнен таңдап алған және міндетті түрде меңгеруі тиіс оқу пәндері.

2. Университетте оқуға ауысу және қайта қабылдау

2.1. Білім алушы университеттен/университетке, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне ағымдағы күнтізбелік

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: _____ 2024 г.	Шығарылым: 1
	Ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары		7 беттен 5

жылдың жазғы демалыс кезеңінде 5 және 20 тамыз, қысқы демалыс кезеңінде 5 және 14 қаңтар аралығында ауысуға құқылы.

2.2. Білім алушы оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан жазғы немесе қысқы демалыс кезінде кез келген ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

2.3. Егер білім алушылар ЖОЖ-ға сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін толық ойдағыдай аяқтаса, олар оқудан шығарылғаннан кейін ауыса алады немесе қайта қабылдана алады. Оқытудың бірінші семестрінің пәндері бойынша бір немесе одан да көп «қанағаттанарлықсыз» бағасы бар тұлғалар ауыстыруға және қайта қабылдауға жатпайды.

2.4. Төтенше жағдай енгізілген жағдайда, Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, соғыс уақыты туындаған жағдайда, сондай-ақ оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қайта қабылдау оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

2.5. Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған кезде осы ЖЖОКБҰ-ның білім алушылары ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

2.6. Білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖЖОКБҰ таратылған кезінде, осы ЖЖОКБҰ-ның білім алушылары лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖЖОКБҰ-ны тарату туралы ЖЖОКБҰ ерікті түрде қайтарған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

2.7. Аккредиттеу тоқтатыла тұрған, қайтарып алынған немесе қолданылу мерзімі өткен кезінде, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын және ӘАОО-ны қоспағанда, осы ЖЖОКБҰ-ның білім алушысы аккредиттеуді тоқтата тұру, қайтарып алу немесе қолданылу мерзімінің өтуі туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: _____ 2024 г.	Шығарылым: 1
	Ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары		7 беттен 6

2.8. Шетелдік жоғары оқу орындарынан студенттерді Университетке ауыстыруға білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган таныған аккредиттелген жоғары оқу орындарынан рұқсат етіледі.

2.9. Шетелдік азаматтар шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде меңгерілген оқу бағдарламалары туралы (академиялық анықтама, транскрипт), сондай-ақ белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуге тиіс алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжатты ұсынады.

2.10. Білім туралы құжаттарды тану рәсімінен мынадай тұлғалар өтпейді:

- "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлері;
- танудан босататын халықаралық шарттарға (келісімдерге) қол қойған елдердің білім беру ұйымдарының білімі туралы құжаттардың иегерлері (1992 жылдың 15 мамырдағы "Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы" ТМД-ның келісімі; 2014 жылдың 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт; 2017 жылдың 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Үкіметтері арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалы туралы келісімі).

2.11. Қазақстан Республикасында жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік білім алған тұлғалар шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауысқанда немесе қайта қабылдау кезінде меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжатты (академиялық анықтама, транскрипт), қабылдау жылына сәйкес бекітілген белгіленген шекті баллдан төмен емес ҰБТ/КТ сертификатын ұсынады.

2.12. ҰБТ/КТ сертификаты болмаған жағдайда немесе нәтижесі белгіленген шекті баллдан төмен сертификат болған жағдайда білім алушы ауыстыру/қайта қабылдау туралы бұйрық шығарылғанға дейін білім деңгейіне сәйкестігін растау үшін ҰБТ немесе КТ тапсыруға міндетті.

2.13. Білім беру гранты негізінде білім алатын студенттерді, магистранттар мен интерндерге Қазақстан Республикасының басқа ЖЖОКБҰ-дан Ұлттық университетке ауыстыру білім алушылардың білім беру грантының құнындағы айырмашылығын қосымша төлеген жағдайда жүзеге асырылады. Ол үшін басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысатын білім алушы университетпен тиісті шарт жасайды.

2.14. Жекелеген ЖЖОКБҰ-лар үшін бекітілген білім беру гранты бойынша, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық мамандықтарға түскен студенттер, магистранттар, докторанттар басқа ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде ғана ауысады.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: _____ 2024 г.	Шығарылым: 1
	Ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары		7 беттен 7

2.15. Білім алушыны ауыстыру кезінде Университет ББ-ның дайындық бағыты мен бейінін, сондай-ақ білім алушының оқу жетістіктерін ескереді, сондай-ақ білім алушының академиялық адалдықты бұзу жағдайларын ескереді.

2.16. Білім алушыны шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің БББ топтарынан басқа білім беру бағдарламалары топтарына (бұдан әрі – БББТ) ауыстыру білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген шекті балдан төмен емес балы бар ҰБТ сертификаты болған кезде жүзеге асырылады.

2.17. ҚР университеттерінен шарт негізінде немесе грантты сақтай отырып университетке ауысу үшін студенттің ҰБТ немесе КТ сертификаты түсу жылына бекітілген өту балынан төмен және үлгерімнің орташа GPA балы университетте белгіленген ауысу балынан төмен болмауы тиіс.

2.18. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың одан әрі оқыту курсы алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған оқу жұмыс жоспарларындағы пәндер бойынша академиялық айырмашылықтың болуы/болмауы, пререквизиттер ескеріле отырып айқындалады. Осы тұрғыда ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде академиялық айырмашылық 30 академиялық кредиттен аспауы тиіс.

2.19. Магистранттар мен докторанттардың басқа ЖЖОКБҰ-да оқыған элективті пәндерді қайта есептеу үшін ауыстыру кезінде олардың университет БББ сәйкес дайындық мазмұнына сәйкестігі анықталуы тиіс. Олай болмаған жағдайда оқу жоспарларындағы белгіленген тәртіппен жойылуға жататын айырмашылық рәсімделеді.

2.20. Оқу жұмыс жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылығы білім алуды аяқтамаған тұлғаларға берілген транскрипте немесе анықтамада көрсетілген оқыған пәндер тізбесімен, бағдарламалары мен академиялық сағаттар немесе кредиттер көлемі негізінде айқындалады.

2.21. Оқу жоспары бойынша шыққан пәндердегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы және аралық бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, қорытынды бақылауға рұқсат алады.

2.22. Басқа ЖЖОКБҰ-дан білім беру грантын сақтай отырып/келісім шарт бойынша ауысып келген білім алушылар үшін академиялық айырмашылықтарды жою ақылы негізде жүзеге асырылады.

2.23. Басқа ЖЖОКБҰ-дан университетке білім берудің барлық деңгейлерінде бітіру курстарына ауысуға жол берілмейді.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: _____ 2024 г.	Шығарылым: 1
	Ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары		7 беттен 8

2.24. ҚР-дың басқа ЖЖОКБҰ-дан ауыстырылған студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия өткен семестрдің қорытындысы бойынша тағайындалады.

2.25. Білім алушыларды басқа жоғары оқу орындарынан ауыстыру немесе қайта қабылдау белгіленген құжаттарды ұсына отырып, университет басшысының атына жазған өтініші негізінде жүзеге асырылады.

2.26. Өтінім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде факультет декандары:

- Кредитті қайта есептеуге және кредиттерді қайта есепту хаттамасын дайындап беруге;
- Білім алушыны ауыстыруға ұсыну немесе дәлелді бас тартуға міндетті.

2.27. Қабылданған құжаттар дұрыс болған жағдайда білім алушыны ауыстыру/қабылдау туралы Академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі – проректор қол қойған бұйрық шығарылады.

2.28. Білім алушының өтініші және құжаттарын өзі тапсыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, үшінші тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен ресімделген сенімхат бойынша тапсыра алады.

3. Университет ішінде ауысу

3.1. Білім алушыларды университет ішінде бір БББТ-дан екіншісіне ауысуы тек оқу курсы мен академиялық айырмашылық пәндерін айқындай отырып, ақылы негізде жүзеге асырылады.

3.2. Білім беру гранты бойынша оқу кезінде білім беру грантын сақтай отырып, білім алушыларды бір БББТ шеңберінде бір БББ-дан екіншісіне бір рет ауыстыруға жол беріледі. Бұл жағдайда грант бойынша білім алушыға ауысқаннан кейінгі бірінші оқу жылы ішінде академиялық айырмашылық пәндерін тегін оқуға бір реттік мүмкіндік беріледі.

3.3. БББТ шеңберінде оқытудың 4-ші семестрінен кейін бір БББ-дан екіншісіне ауыстыруға жол берілмейді.

3.4. Білім алушыларды бір тіл бөлімінен екіншісіне ауыстыруға білім беру гранты бойынша білім алушылар үшін білім беру грантын сақтай отырып жіберіледі.

3.5. Білім алушыларды ауыстыру тиісті академиялық топ болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: _____ 2024 г.	Шығарылым: 1
	Ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары		7 беттен 9

3.6. Университет ішінде ауысу үшін білім алушы Univer АЖ-дегі өзінің жеке парақшасынан «е-қызметтер» бөлімі арқылы электрондық өтініш береді және тиісті құжаттарды Студенттер кеңсесіне тапсырады.

4. Университеттен басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстыру

4.1. Білім беру гранты бойынша білім алушы қалауы бойынша білім беру грантын сақтай отырып басқа ЖЖОКБҰ-ға демалыс уақытында ауыстырылады.

4.2. Білім алушы басқа жоғары оқу орнына ауысу үшін Университет басшысының атына өтініш береді және университет мөрімен куәландырылған ауысуға жазбаша келісімін алғаннан кейін тиісті жоғары оқу орнының басшысына жүгінеді.

4.3. Қабылдаушы ЖОО-ның білім алушыны ауыстыру туралы сұрансы хаты және қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі негізінде білім алушы бұйрықпен оқудан шығарылады және жеке іс құжаттары жіберіледі. Университетте транскрипт көшірмесі және құжаттар тізімдемесі қалады.

4.4. Басқа ЖЖОКБҰ-на ауысу үшін білім алушы «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының Студенттік кеңсесіне өтініш береді.

5. Бос білім беру гранттарына ауыстыру

5.1. Білім алушыны ақылы негіздегі оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыру "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабының 26) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. БББТ бөлінісінде жоғары білім алу үдерісінде босаған бос білім беру гранттары осы БББТ бойынша ақылы негізде білім алушыларға конкурстық негізде беріледі.

5.3. Конкурс білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті бере отырып, аралық аттестаттау нәтижелері (GPA) бойынша өткізіледі.

5.4. Бос білім беру гранттарын алуға конкурс өткізу кезінде үлгерімнің орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда оқудың барлық кезеңінде А, А-, содан кейін В+, В, В -, С+ бағалары бар білім алушылар басым құқыққа ие болады

5.5. Бос білім беру грантын беру конкурсына ағымдағы семестрде оқу пәндері бойынша академиялық және қаржылық қарызы жоқ білім алушылар қатыса алады.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Мерзімі: _____ 2024 г.	Шығарылым: 1
	Ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары		7 беттен 10

5.4. Конкурсты өткізу және бос білім беру грантын беру тәртібі:

- ақылы негізде оқитын білім алушы “Univer” жүйеде білім беру грантына ауыстыруға өтініш береді;

- өтініш факультет пен университеттің Ғылыми кеңесінде қаралады, содан кейін ағымдағы жылдың 5 тамызына және 15 қаңтарына дейін шешім қабылдау үшін ҚР ҒЖБМ-ға жіберіледі.

5.5. Өтінішке Ғылыми кеңестің шешімі, білім алушының транскриптінен үзінді, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және университеттен шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқа) қоса беріледі;

- бос білім беру гранттарына үміткерлер туралы ақпарат Univer АЖ-де және университет сайтында орналастырылады;

- білім беру саласындағы уәкілетті ұйым келіп түскен құжаттарды БББ (ЖБТ, БК), оқу формалары мен мерзімдері бөлінісінде оқуға түскен жылын ескере отырып қарайды және мәселе оң шешілген жағдайда білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады;

- білім беру саласындағы уәкілетті ұйымның бұйрығы негізінде ҰТО білім беру грантын беру туралы куәлікті рәсімдейді және оны университетке береді; - Берілген білім беру гранты куәлік негізінде Университет білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға бұйрық шығарады.